

УДК 378

Б.М. Айтбаева

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ф.ғ.к., доцент, Қарағанды, Қазақстан

Қазақ тілін қашықтан оқытудың теориялық аспектілері

Аңдатпа. «Қашықтықтан білім беру» термині қандай да бір айрықша оқыту технологиясын емес, білім беруші мен білім алушының аудиторияда оқытудың тар ауқымынан шығуға мүмкіндік беретін әдісті сипаттайды. Соңғы жылдары барлық елдерде қашықтықтан оқытуға үлкен мән беруде.

Түйінді сөздер. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар, қашықтықтан білім беру

Қашықтықтан оқытуға төмендегі себептерге байланысты қызығушылық артуда:

1. Кез келген адамға тіл үйренуде уақыт пен орын тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

2. Ақпаратты берудің және ұйымдастырудың жаңа түрлерін - мәтінді, графиканы, бейнені, анимацияны т.б. пайдалану.

3. Тыңдаушыларға тіл үйретудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы тіл білу деңгейлерін көтеру.

Е.А. Полаттың айтуынша, қашықтықтан оқыту – білім, білік дағдыларды алу үрдісі, бұл кезде оқыту процедураларының тұтас немесе белгілі бір бөлігі оқытушы мен тыңдаушының аумақтық алшақтығына қарамастан жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі.

Қашықтықтан білім беру ұғымын, сондай-ақ оның мүмкіндіктерін кеңірек қарастырайық.

Қашықтықтан білім беру – өзара бірлесе әрекеттесуге мүмкіндік беретін, түрлі географиялық өңірлерде орналасқан оқытушыны, білім алушыны, сондай-ақ дереккөздерді арнаулы технологиялар арқылы байланыстыратын тәжірибе. Әрекеттестік пошта және телефакс, аудио-конференция, компьютерлік конференция, бейне-конференция арқылы баспа материалдарымен алмасу сияқты түрлі тәсілдермен жүргізіледі. Қашықтан оқыту (ҚО) алыс ауыл оқушыларына, арнаулы талаптары бар оқушыларға немесе қойған мақсаттарына басқа жолмен қол жеткізе алмайтын тұлғаларға білім алудың болашағы мол әдісі болып табылады.

Топта оқу мен сабақ кестесі өзіне тиімсіз деп санайтын жұмыс жасап жүрген ересектер үшін сырттан ақпарат алуға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытудың пайдасы үлкен.

Қашықтықтан білім беруді мынадай бес негізгі жағдаймен сипатталатын білім беру ретінде анықтауға болады:

1) білім беруші мен білім алушының және олардың арасында келісімнің болуы;

2) білім беруші мен білім алушының арасындағы кеңістік алшақтығы;

3) білім алушы мен оқу орнының кеңістік жағынан алшақтығы;

4) білім беруші мен білім алушының екібағытты әрекеттестігі;

5) қашықтықтан білім алу үшін әдейі арналған материалдарды жинақтау.

Бұл анықтама оқытудың түрлі формаларын қатынас пошта және телефон арқылы жүзеге асатын баспа материалдарына негізделген түрінен бастап, білім беруші мен білім алушы теледидар экранында «кездесетін» екіжақты бейнекурстарға дейінгі түрлерін қамтиды.

Білім беру үдерісіне қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу білім беру сапасын көтеру ісіне шынайы мүмкіндіктер әкеледі. Дегенмен, оқу және ғылыми қызметті ақпараттандыру деңгейі әлі де төмен екенін мойындау керек. Білім берудің ақпараттық технологияларын дамыту саласында басты рөлді жоғары мектеп алу керек деп саналады, себебі ҚО-ны дамыту мен электрондық кітапханалар құру, қолданыстағы желілік инфрақұрылымды жетілдіру және дамыту, қолданылатын арналардың өткізілім мүмкіндігін арттыру жоғары мектептің міндеттеріне кіреді. Бұл ретте ЖОО-лар жалпы орта және кәсіби білім беру мекемелері

үшін ақпараттық және телекоммуникациялық қызмет көрсетудің маңызды көзі бола алады. Бұл жерде неғұрлым күрделі және маңызды орынды ақпараттық технологияларды ұзақ уақыттан бері игеріп келе жатқандығына қарамастан, техникалық тұғыдан әлсіз жарақтандырылған жалпы білім беру мектептері алады. Осылайша, қазақ тілін ҚО тұжырымдамасын әзірлей отырып, бір жағынан, оқытудың технологиялық негізі ретіндегі телекоммуникациялар мен мультимедиялық құралдардың дидактикалық қасиеттері мен қызметтерін, екінші жағынан, қазіргі заманғы деңгейдегі білім берудің жалпы жүйесінің басты элементі ретіндегі оқытудың мұндай түрін дидактикалық тұрғыдан ұйымдастырудың негізгі бағыттарын назарда ұстау қажет. Зерттеулерге сүйенсек, ҚО-ның жалпы үлгісі технологиялық, педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік сияқты түрлі компоненттердің рөлін анықтайтын біріккен білім беру ортасын қамтиды. Бүгінгі күнге дейін дербес компьютердің мүмкіндіктерін қайда, қашан және қандай мақсат үшін пайдаланудың дұрыстығы, қандай компьютерлік өнімдер бұл мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі тиістігі, қоғамның ақпараттануы жағдайында қалай тиімді жұмыс жасау керектігі туралы нақты мәлімет алуға мүмкіндік беретін, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде мамандар дайындайтын тұтас педагогикалық тұжырымдама әзірленген емес.

Қазіргі таңда, қашықтықтан оқыту мемлекеттік тілді үйретуде кеңінен қолданылуда. Бірақ шешілмеген көптеген мәселелер бар.

Біріншіден, мемлекеттік тілді қашықтықтан оқыту тұжырымдасын, бағдарламасын құрастыру.

Екіншіден, ҚО нормативтік-құқықтық негізін дайындау.

Үшіншіден, ҚО әдістемесін жасау.

Қашықтықтан оқыту ең негізгі 3 құрамнан тұрады:

1. Технологиялық.
2. Мазмұндылық.
3. Ұйымдастырушылық.

Технологиялық – материалдық-техникалық база, яғни, компьютер т.б.

Мазмұндылық – бұл ҚО курстары, электронды оқулықтар, арнайы сайттар.

Ұйымдастырушылық – әр түрлі ҚО моделдерін пайдаланып оқу процесін ұйымдастыру.

Қашықтықтықтан оқыту нысаны негізгі үш технология бойынша жүзеге асырылады:

- желілік технологиялар (автономды желілік курстар немесе виртуалды кафедралар);

- кейс-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту;

- ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтықтан оқыту.

Интернет оқытушы мен тіл үйренушіге көп еркіндік береді. Тіл үйренуші интернет желісі арқылы ҚО курсына ыңғайлы уақытта айналыса алады. Интернет желісі тіл үйренуге қолайлы әсер етеді. Оқытушы берілген материалды жедел өзгерте алады. Тіл үйренушіге аудио-бейне материалдар арқылы тілді сөйлесім әрекетінің барлық түрлері бойынша қатысымдық қырынан меңгертуге мол мүмкіндік бар.

Қазақ тілін қашықтықтан оқытудың өзіндік ерекшелігі бар, себебі оқылым мен жазылым сияқты қазақ тілінде сөйлеу әрекеттеріне оқыту кезінде желілік курспен шектелуге болады, өйткені сөйлеу әрекетінің бұл түрлер көлемді кестені қажет етпейді. Дегенмен айтылымға, сөйлесім мен тыңдалымға үйрету кезінде тек мәтіндік файлдарды ғана қолдану жеткіліксіз, дыбыстық көркемдеуге де, сондай-ақ білім алушылардың ауызша сөйлеуін ынталандыратын түрлі ситуацияларды құру, яғни суретті материалға да сүйену керек. Мұндай материалды желілік курстарда пайдалану техникалық тұрғыдан мүмкін болғанмен, әзірше мұндай файлдардың жадысы біршама үлкен болатындықтан қиыншылық тудырып отыр.

Қашықтықтан оқытуда өзіне керек білімді меңгеретін, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі басқара алатын, белсенді тілдік тұлға қалыптасады. Қашықтықтан оқытуда төмендегідей мүмкіндіктер болады:

- тілді жеке немесе топтық меңгеру;

- өзінің тілді білу деңгейін бақылау және бағалау;

- тілді үйрену уақытын үнемдеу;

- әр түрлі компьютерлік ойын элементтері арқылы тіл үйренуге қызығушылығын арттыру.

Қашықтықтан оқыту кезінде тіл үйренушінің өзіндік танымдық және ойлау қабілеті күшті болу керек. Сондықтан, қажетті технологияны пайдалану барысында, өзіне керекті ақпаратты алу, алған білімін бағалау, оны практикада қолдана білу және жаңа білім алуға талпыну. Қашықтықтан оқытуда тіл үйретуші мен үйренуші қарым – қатынасы үзілмейді. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді

қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тындаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді қарқында өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тындаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Қашықтықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

1. Оқытуды даралау.
2. Оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру.

* * *

Сегодня в условиях информатизации и модернизации образования вопросы оптимизации и интенсификации преподавания казахского языка в русскоязычной аудитории приобретают все большую актуальность. Современные требования образования, ориентированного на результат, создают необходимость постоянного совершенствования содержания, средств, методов и приемов обучения. Решение этой важной задачи напрямую связано с умением учителя использовать новые технологии и методики в соответствии с целями и условиями обучения.

* * *

Today in conditions of information and modernization of formation questions of optimization and an intensification of teaching of the Kazakh language in a Russian-speaking audience get the increasing urgency. Modern requirements of the formation focused on result, create necessity of constant perfection of the maintenance, means, methods and receptions of training. The decision of this important problem directly is connected with skill of the teacher to use new technologies and techniques according to the purposes and conditions of training.

3. Дәстүрлі оқыту нысаны қолайсыз болып табылатын тұлғалар үшін білім беру қызметін ұсыну.

Қазір Қазақстан тұрғындарының көпшілігінде жоғары технологиялық, оның ішінде барынша интерактивтілікті қамтамасыз ете алатын, сондықтан тұтынушы нарығы үшін неғұрлым тиімді болып табылатын Интернет технологияларға негізделген ҚО-ның білім беру қызметін пайдалануы үшін техникалық жаратандырылу деңгейі айтарлықтай жеткілікті. ҚО үдерісін қолдауды және оқу үдерісін басқаруды қамтамасыз ететін жоғары сапалы ақпараттық толықтыру бұл техникалық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың басты шарты болып табылады.

Қорыта айтсақ, мемлекеттік тілді қашықтықтан оқыту – бүгінгі күннің талабы.